

Өмір өзен

2013 жылдың мамыр айы еді. Менің қызметім Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы университетте болатын. Жұмыстан түскі үзіліске келген уақытым еді, бір мезетте телефон шырылдай жөнелді, телефон тұтқасын көтерсем, Арқалықтан Жұмағали Өмірбек ағамыз хабарласып тұр екен.

Ол кісі «Қуаш, сен Көкшетаудасың ғой, мен сол жаққа барып қайтамын ба деп отырмын», - деді. Мен де елпектеп, ой, аға, Көкшетауға келсеңіз, үйге соғыңыз деп жаным қалмай сөйлесіп жатырмын. Өйткені Жүкеңнің марқұм жұбайы Күлжәмила апай менің жерлесім, Жаңа-Арқаның қызы, Орал апам екеуі өте жақсы араласушы еді. Ортамызда ерекше сыйластық болатын.

Содан Жұмағали ағамыз күнде, тіпті кейіннен күніне бірнеше қайтара хабарласатын болды. Майда тілімен көптеген жаңалықтар, өмір туралы көп әңгіме айтушы еді. Ақырындап бір күні Қуаш, сен маған қарындас емессің, балдызымсың деген сөздерді айтып қалды.

Өте мейірімді, кішіпейіл Жұмағали ағамызға балдыз болып шыға келдім. Жақсы тіл табысып, өмірге деген көз қарасымыз үйлескендей болып жүргенде, Жүкең: «Енді екеуміз Астанада кездесіп, бір шешімге келейік!» деген ұсыныс жасады. Бірнеше айда бірнеше рет кездесіп, бірге отбасын құрудың мәселесіне тоқтадық.

Менің жалғыз апам Орал Дәулетқызы ол кезде Астанада тұратын және қатты сырқаттанып жүрген кезі еді. Мен сол апамның алдынан өту керек екендігін ескерттім, апамның алдына барып жағдайды айттым. Апамыз өте ақылды және ойланып шешім қабылдайтын азаматша еді. Біраз үнсіздіктен кейін: «Жұмағали сыйлы азамат қой, араласатын жолдастары, туған-туысқандары бар, ортасы көп азамат, егер соның бәріне дайынмын десең, мен қарсы емеспін», - деді.

Жүкең бұл шешімді өте қуанышпен қабылдап, үйленуге шұғыл шешімін айтты. Біз 2013 жылы 16 желтоқсан күні Арқалыққа келдік, сол күннен бастап Жүкең екеуміздің отбасылық өміріміз басталды.

Біз 7 жыл бір шаңырақтың астында үлгілі де, беделді от-



басы болдық. 27 маусым 2020 жылы Жүкең өмірден өтті.

Жүкең керемет жан еді, жаны таза, жүрегі кең, адамгершілік қасиеті жоғары, Арқалығым, Торғайым деп, халықта қиыншылық болса, бірге мұнайып, жақсылық болса марқайып жүретін. Арқалық, Торғай еліне арнап бірнеше әндері мен күйлерін шығарып еді.

Жүкеңнің арманы көп еді, 80 жасты өткіземіз деген оймен өте көп жоспарымыз бар еді, бәрі арман болып қалды! Жүкеңнің жылына дейін көп жұмыстар атқарылды, кітабы шықты, үйде мұражай кабинеті ашылды, Мемориалдық тақта орнатылды, мұражайда бюсті қойылды.

Жүкең өмірден өткеннен кейін үйге келіп, менің жағдайымды сұрап, осы шаруашылықтарға бас-көз болған азаматтар Берік Әбдіғалиұлына, Жомарт Түбекбаевқа, Мейрам Айдаболовқа, Жүкеңнің артынан ерген інілері Абзал Оспановқа, Абай Досановқа, Арқалықтағы ақсақалдар Жәнібек Ғапбасұлы, Шөптібай Байділдин, Бейсенбай, Аманжол ағаларымыз, Есен, Қаратай Нұрмановқа, нағашылары Жұмағазы қажы ағамыз, Құрман Жасынбек балаларына және қала әкімі Әмірхан Асанов мырзаға ерекше алғысымды білдіремін.

Арқалықта өсіп келе жатқан жастарға үлгі ретінде Жүкеңнің есімі Арқалық өңірінде мұражай, театр, мектеп, көше т.б жерлерде мынау біздің аңыз атамыз Жұмағали ғой деп айтып жүретін жағдайға жетсе деген үміт бар.

Өмір - өзен дейді, Жүкең екеуміздің отбасылық 7 жылғы өміріміз өзеннің таза сыңғырындай өткен екен.

**Қуаш ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
жұбайы**